

**"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы"** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 72 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 қазанда № 21345 болып тіркелді

#### БҮЙЫРАМЫН:

1. "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9946 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 26 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бүйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы";

бүйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларында:

саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі (бұдан әрі – Зан), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы зан) зандарына және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді және, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен көтерме жәрдемақы беру және тұрғын үй сатып алуға әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін айқындайды.

2. Көрсетілетін қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады және оны аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілді органдары көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен көрсету нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын, оны көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында баяндалған.";

2-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тaraу. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну тәртібі";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алуға немесе салуға әлеуметтік қолдау Заңның 18-бабының 8-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушыларға көрсетіледі.

Бұл ретте ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға әлеуметтік қолдау "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 56-бабының 12-тармағында көзделген шектеулерді ескере отырып беріледі.;"

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бюджеттік кредиттер облыстардың жергілікті атқарушы органдарына мынадай талаптарда:

тенгемен он бес жылға дейінгі мерзімге 0,01 % мөлшеріндегі жылдық сыйақы мөлшерлемесі бойынша тұрғын үй сатып алыны немесе салуы үшін кейіннен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агрономикалық кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне бере отырып, кредиттік шарттар жасасу арқылы беріледі;

кредиттерді игеру кезеңі кредитордың шотынан кредиттер аударылған сәттен бастап есептеледі және 22 (жиырма екі) айды құрайды.

6. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алдағы кезеңге денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет спорт және агрономикалық кешен саласындағы, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілер бойынша сұранысқа ие мамандықтардың тізбесін (бұдан әрі – тізбе) қалыптастырады, оны бір жұмыс күні ішінде аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырады және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) мәлімет үшін ұсынады.

Тізбеде көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін қызметті алушылардың және/ немесе олардың мамандықтарының атауы мен саны көрсетіледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органы (мәслихат) жыл сайын көрсетілетін қызметті алушыларға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы шешім қабылдайды.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агрономикалық кешен саласындағы мамандар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер

әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері үшін тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру сенім білдірілген өкілмен (агентпен) шарт болған жағдайда жүзеге асырылады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыларға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша сенім білдірілген өкілмен (агентпен) тапсырма шартын жасасады.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) көрсетілетін қызметті алушыларға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша операциялық қызметтеріне арналған шығындарды өтеуге арналған қаражат бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті бюджет шеңберінде көзделеді.

10. Элеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі (құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде) көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация арқылы немесе электрондық форматта "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан ері – Портал) арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көтерме жәрдемақы алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

сәйкестендіру үшін неке қиуды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрган көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

Кредиттік бюородан есеп;

3) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

сәйкестендіру үшін неке қиуды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрган көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

Кредиттік бюородан есеп.

Осы Қағидаларда көзделмеген басқа құжаттарды ұсынуды талап етуге жол берілмейді.

Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға бір мезгілде өтініш беруге жол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде өтінішке көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен немесе көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда үялы байланыс операторы ұсынған бір реттік парольмен куәландырылған көрсетілген құжаттардың (тиісті ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды қоспағанда) электрондық көшірмелері (сканерленген) қоса тіркеледі және Порталдан "Ауылдық ипотека" бойынша өтінімдерді қабылдау жөніндегі бағдарламалық өнім" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АЖ) көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге (мекенжайы және байланыс деректері көрсетілген) 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет спорт және агрономеркәсптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жасасу үшін жүгіну қажеттігі туралы, есепке алу және кезектілікке қою туралы хабарламасы немесе әлеуметтік қолдау шараларын ұсынудан дәлелді бастарту мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізуі қамтамасыз етеді.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы хабарлама не қызмет көрсетуден бастарту туралы дәлелді жауап жіберіледі. Сәтті көрсетілген жағдайда Порталға келісімге қол қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайы көрсетілген хабарлама жіберіледі.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Әлеуметтік қолдау шаралары бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ (осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау сәтінде), сондай-ақ соңғы 2 (екі) жыл ішінде 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі жоқ көрсетілетін қызмет алушыларға ұсынылады.";

1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы бүйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Өнірлік даму департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінде Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

R. Даленов

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2020 жылғы 30 қыркүйегі  
№ 72 Бүйрыкқа  
1-қосымша

"Ауылдық елді мекендерге  
жұмыс істеуге және тұруға  
келген денсаулық сақтау,  
білім беру, әлеуметтік  
қамсыздандыру, мәдениет,  
спорт және агроенеркәсіптік  
кешен саласындағы мамандарға,  
ауылдар, кенттер, ауылдық  
округтер әкімдері  
аппараттарының мемлекеттік  
қызметшілеріне әлеуметтік  
қолдау шараларын  
ұсыну қағидаларына  
1-қосымша

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы уәкілдеп органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы, "электрондық үкімет" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	6 (алты) жұмыс күні

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды/ қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге (мекенжайы және байланыс деректері көрсетілген)</p> <p>Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген деңсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік камсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер экімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы көлісімді жасасу үшін жүргіну қажеттігі туралы, есепке алу және кезектілікке қою туралы хабарлама немесе әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы дәлелді бас тарту.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электронды/ қағаз түрінде</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда жұмыс кестесінә сәйкес тұскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібінде көрсетіледі, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық көзекті броньдауда болады.</p> <p>"Электрондық үкімет" веб-порталы – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс жағдайларда (көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс жағдайларда) көрсетіледі, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады), тәулік бойы</p>
		<p>1) көтерме жәрдемақы алған кезде:</p> <p>осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); білімі туралы дипломының көшірмесі;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін ратайтын құжаттың көшірмесі;</p> <p>2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:</p> <p>осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); білімі туралы дипломының көшірмесі;</p>

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі; сәйкестендіру үшін неке қиоды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);</p> <p><b>Кредиттік бюrodan есеп;</b></p> <p>3) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басын қуәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін); білімі туралы дипломының көшірмесі; көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі; сәйкестендіру үшін неке қиоды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);</p> <p><b>Кредиттік бюrodan есеп.</b></p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын қуәландыратын құжат туралы, неке қиоды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік, тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының, оның жұбайының және балаларының жылжымайтын мүлкінің болмауы (болуы) туралы анықтама, көрсетілетін қызметті алушының атына тұрғын үй салуға берілген жер учаскесін пайдалану құқығы туралы, еңбек қызметі бойынша мәліметтерді, ортадан кейінгі, техникалық, кәсіптік және/немесе жоғары білім дипломының болуы туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері немесе көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік акпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады</p>
9	Казақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p><b>Мемлекеттік қызмет көрсетуден:</b></p> <p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;</p> <p>2) егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алушуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет тұрларіне тығым салу туралы заңды құшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болған;</p> <p>3) егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушаға байланысты арнайы құқығынан оның негізінде айырылған, көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды құшіне енген сот шешімі бар болған;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушы "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 8-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бас тартылады</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне өзі қызмет көрсетуді, өз бетімен қозғалуды, бағдаралуды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар Бірыңғай байланыс орталығының – 1414, 8 800 080 7777 нөмірлеріне хабарласады, Мемлекеттік корпорация қызметкері оларға мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар қабылдауды тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p><b>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</b></p> <p>1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің <a href="http://www.economy.gov.kz">www.economy.gov.kz</a> интернет-ресурсында, "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінің "Өнірлік саясат саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары <a href="http://www.economy.gov.kz">www.economy.gov.kz</a>, Бірыңғай байланыс орталығы – 1414, 8 800 080 7777 .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған</p>

жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда  
алуға мүмкіндігі бар

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2020 жылғы 30 қыркүйегі  
№ 72 Бұйрықка  
2-қосымша

"Ауылдық елді мекендерге  
жұмыс істеуге және тұруға  
келген деңсаулық сақтау,  
білім беру, әлеуметтік  
қамсыздандыру, мәдениет,  
спорт және агроенеркәсптік  
кешен саласындағы мамандарға,  
ауылдар, кенттер, ауылдық  
округтер әкімдері  
аппараттарының мемлекеттік  
қызметшілеріне әлеуметтік  
қолдау шараларын ұсыну  
қағидаларына

2-қосымша  
Нысан

---

облысы

---

ауданының (облыстық маңызы  
бар қала) әкімі

---

аты-жөні, тегі

---

мекенжайы бойынша тұратын

---

жұмыс орны, лауазымы

---

өтініш берушінің аты, әкесінің  
аты (болған жағдайда), тегі  
(бұдан әрі –Т.А.Ә.)

## Отініш

Сізден Келісімде (қоса беріледі) көрсетілген мөлшерде және шарттарда маған  
көтерме жәрдемақы төлеуінізді және/немесе тұрғын үй сатып алуға/салуға (қажеттісін  
сызу) бюджеттік кредит ресімдеуге құқық беруінізді сұраймын.

---

күні қолы

Өзгерістер туындаған жағдайда, олар туралы 15 жұмыс күн ішінде хабарлауға  
міндеттенемін. Дұрыс емес мәліметтер және/немесе жасанды құжаттар бергенім үшін  
жауапкершілік туралы ескертілдім.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Күжаттар қабылданды:

20 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

---

Колы

күжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның А.Ә. Т

---

(кесу сзығы)

Азамат \_\_\_\_\_ өтініші қоса берілген саны \_\_\_\_\_ дана қүжаттармен бірге  
20 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қабылданды.

---

қолы

күжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның А.Ә. Т

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2020 жылғы 30 қыркүйегі

№ 72 Бұйрыққа

3-қосымша

"Ауылдық елді мекендерге  
жұмыс істеуге және тұруға  
келген деңсаулық сактау, білім  
беру, әлеуметтік

камсыздандыру, мәдениет, спорт  
және агроенеркесіптік кешен  
саласындағы мамандарға,  
ауылдар, кенттер, ауылдық  
округтер әкімдері

аппараттарының мемлекеттік  
қызметшілеріне әлеуметтік  
қолдау шараларын ұсыну

қағидаларына

3-қосымша

Нысан

## Күжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, \_\_\_\_\_  
облысы \_\_\_\_\_ ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі / "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорация \_\_\_\_\_  
(мекенжайын көрсету керек), Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеке сәйкес қүжаттар топтамасын толық ұсынбауынызға байланысты, \_\_\_\_\_ мемлекеттік қызметін көрсету үшін

құжаттарды қабылдаудан бас тартады және/ немесе қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) ...

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден екі данада жасалды.

---

("Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің (қолы) аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.)

Орындаушы: А.Ә.Т.\_\_\_\_\_

Телефон нөмірі\_\_\_\_\_

Алдым: қызметті алушының А.Ә.Т. / қолы

"\_\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_ жылғы.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2020 жылғы 30 қыркүйегі  
№ 72 Бұйрыққа  
4-қосымша

"Ауылдық елді мекендерге  
жұмыс істеуге және тұруға  
келген денсаулық сақтау,  
білім беру, әлеуметтік  
қамсыздандыру, мәдениет, спорт  
және агроенеркәсіптік кешен  
саласындағы мамандарға,  
ауылдар, кенттер, ауылдық  
округтер әкімдері  
аппараттарының мемлекеттік  
қызметшілеріне әлеуметтік  
колдау шараларын ұсыну

қағидаларына

4-қосымша

Нысан

**Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроенеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім**

Елді мекен \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Бұдан әрі "Әкімші" деп аталатын "\_\_\_\_\_" мемлекеттік мекемесі атынан басшы \_\_\_\_\_ бір тараптан, бұдан әрі "Алушы"

деп аталағын әлеуметтік көмек алушы \_\_\_\_\_ екінші тараптан және бұдан әрі "Сенім білдірілген өкіл (агент)" деп аталағын \_\_\_\_\_ үшінші тараптан төмендегілер туралы осы Өзара міндеттемелер келісімін жасасты:

## 1. Келісімнің нысанасы

Тараптар өзара жауапкершілікті және келісімді ескере отырып, ешқандай тараптан мәжбүрлеусіз өздеріне міндеттемелер қабылдайды, оны тараптар толық көлемде орындауы тиіс, атап айтқанда:

1.1 Әкімші \_\_\_\_\_ мәслихатының (20 \_\_\_\_ жылғы "—" № \_\_\_\_) шешімінің негізінде өзіне мынадай:

- 1) \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде көтерме жәрдемақы;
- 2) \_\_\_\_ жыл мерзімге \_\_\_\_\_ теңге сомасында тұрғын үй сатып алуға/салуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға міндеттемелер қабылдайды.

1.2 Алушы өзіне жоғарыда көрсетілген әлеуметтік қолдау шараларын алу кезінде \_\_\_\_\_ ауылдық елді мекенінде орналасқан (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроенеркәсіптік кешен, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты) үйымында кемінде үш жыл жұмысты өтеуге міндеттемелер қабылдайды.

1.3 Сенім білдірілген өкіл (агент) өзіне тапсырма шарты негізінде әкімшінің атынан және оның есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды орындауға міндеттеме қабылдайды.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1 Әкімші:

1) алушыдан осы Келісімге сәйкес өзіне алған міндеттемелерді адал және тиісінше орындауды талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алушының тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді алуға құқылы.

2.2 Әкімші:

1) осы Келісімді жасасқаннан кейін бір жұмыс күні ішінде көтерме жәрдемақысының тағайындалған сомасын алушының жеке есеп шотына аударуға міндетті.

2.3 Алушының:

1) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде әлеуметтік қолдау шараларын ерікті түрде тандауға;

2) үш жылдық мерзім өткенге дейін өндірістік жағдайларға немесе әкімшіліктің бастамасы бойынша басқа ауылдық елді мекендерге (немесе бір ауылдық елді мекеннің шегінде) жұмысқа ауысқан кезде қосымша келісім бойынша міндеттемелер қабылдай отырып, алынған әлеуметтік қолдау шараларына құқығын сақтауға құқығы бар.

#### 2.4 Алушы:

##### 1) 30 жұмыс күні ішінде Әкімшігে:

тұрғын үй сатып алуға /салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын алған күннен бастап;

тұрғын үй құрылышы аяқталғаннан кейін бюджет қаржатының мақсатты пайдаланылуы туралы растайтын құжаттарды ұсынуға;

2) меншігіне сатып алынған/салынған жылжымайтын мүлікті әділет органдарында тіркегеннен кейін Әкімшіге тұрғын үй құжаттарының түпнұсқаларын алған бюджеттік кредитті толық өтегенге дейін осы Келісімді кемінде үш жыл мерзімге қамтамасыз ету жөніндегі кепіл ретінде беруге;

3) Әкімшіге тоқсан сайын жұмыс орнынан анықтама ұсынуға;

4) осы Келісімнің шарттары орындалмаған жағдайда әлеуметтік қолдау шаралары ретінде алынған бюджет қаржатын толық көлемде қайтаруды қамтамасыз етуге;

5) жалақыдан кесте бойынша өтеу сомасын шегеру жолымен кредит бойынша жарналарды ай сайын өтеуді қамтамасыз етуге міндетті.

#### 2.5 Сенім білдірілген өкілдің (агент):

1) алушымен есеп айырысу жүргізуғе;

2) алушының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізуге құқығы бар.

#### 2.6 Сенім білдірілген өкіл (агент):

1) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік кредитке қызмет көрсетуге;

2) кредиттік шарт бойынша әлеуметтік қолдау шараларын алған алушы міндеттемелерінің орындалуына мониторинг жүргізуғе;

3) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес осы Келісімнің шарттары орындалмаған және орындаудан бас тартылған жағдайда алушыдан берешекті өндіріп алушы жүзеге асыруға міндетті.

### 3. Дауларды шешу

3.1 Осы Келісімді орындау кезінде туындауы мүмкін барлық мәселелер мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптардың арасында келіссөздер жолымен шешілетін болады.

3.2 Егер даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен реттелмейтін болса, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге тиіс.

#### **4. Келісімнің қолданылу мерзімі**

4.1 Осы Келісім тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Келісім 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ бастап қолданылады.

4.2 Келісім әр тарап үшін заң күші бірдей үш данада жасалды.

#### **5. Тараптардың заңды мекенжайлары**

Әкімші

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Алушы

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Сенім білдірілген өкіл (агент)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК